«Жыр Жалын» поэзия әлемі
әлеуметтік-педагогикалық жобасы

Қазақ поэзиясы және ұлттық болмыс

- Қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетанымды таныту арқылы поэзиядағы ұлы тұлғаларды дәріптеу, жас ұрпаққа шығармаларын таныстыру

.«Сәуле ғұмыр» қазіргі қазақ поэзиясындағы ақындар үні

- Ақындардың жыр әлемін насихаттап дәріптеу мақсатында (әдеби эстафеталар, форумдар, конференциялар, оқулар, кездесулер) өткізу

Поэзиядағы ұстаздар мен шәкірттер үні

- Ақындық таланты бар педагогтар арасында байқаулар ұйымдастыру, ақынжанды шығармашыл ұстаздар мен оқушыларға қолдау көрсету

I. «Қазақ поэзясы және ұлттық болмыс» бағыты

1. «Қазақ поэзиясы және ұлттық болмыс» бағытында атқарылатын іс-шаралар:

- **2021** жылы дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толу мерейтойына орай «Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобаға қатысушылар арасында «ҚАСЫМ ОҚУЛАРЫ» байқауы облыстық дейгейде өткізіледі. Байқаудың ережесі алдын ала дайындалып, таратылады. Байқау үш номинациядан тұрады: Қасым Аманжоловтқа арнау, Қасым Аманжоловтың шығармашылығы жөнінде мақала (ғылыми, публицистикалық), Қасым Аманжоловтың сөзінде жазылған әндері немесе Қасымға арналған ән.

- **2022** жылы Ұлттың ұлы ұстазы, қазақ қоғамы мен мемлекетінің қайраткері, ағартушы, ақын, аудармашы, педагог, публицист, түркітанушы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын орай «АЛАШТЫҢ АРЫСЫ» атты Қарағанды қаласының №41 А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясымен бірлесе отырып командалық сайыс өткізу.

- **2023** жылы ұлт тәрбиесінде еңбек еткен, педагог, ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 толу мерейтойына арналған «АЙБЫНДЫ АЛАШ ЕЛІМ...» атты жыр-мүшәйрасын өткізу.

Аталған іс-шаралар жобаға енетін білім бепру ұйымдарында өтіліу керек.

II. «Сәуле ғұмыр» қазіргі қазақ поэзиясындағы ақындар үні» бағыты



1.Әдеби керуен. «Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасына қатысушы мектептердің ақындық қабілеті бар оқушылар үшін Қарағандыдан шыққан атақты ақын, би-шешен, тұлғалардың туған жерлеріне саяхат ұйымдастыру.

2.Ақын-жазушылармен сұхбат. «Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасының YouTube каналын ашып, оқушылардың ақын-жазушылармен жүргізген сұхбаттарын салу.

3.Әдеби марафон, челлендж, эстафеталар ұйымдастыру. «Жыр Жалын» поэзия әлемі әлеуметтік-педагогикалық жобасына қатысушы мектептердің оқушылары арасында желілік байланыс орнату.

4. Дәстүрлі өнерді дәріптейік. «Арқа ақындар мектебімен» бірлесіп оқушылар арасында айтыс ұйымдастыру.

III. «Поэзиядағы ұстаздар мен шәкірттер үні» бағыты

1. Бейне-поэзия. Ақын оқушылар мен ұстаздардың өлеңдерін оқыған видеоларды «Жыр Жалын» поэзия әлемі инстаграмм, фейсбук желілерінде насихаттау.

2. Жыр жинақ. Қарағанды облысы бойынша ақын оқушылар мен ұстаздардың өлеңдерін жинап, жыр жинақ құрастырып, шығару.

3. Қауырсын ғалам. Ақын оқушылар мен ұстаздардың шығармашылық кешін өткізу.

4. «Сәуле ғұмыр» бөлімі. Бұл бөлімде ақын оқушылар мен педагогтердің өмірі мен шығармашылық әлемі төңірегінде шағын бағдарламалар әзірлеу.

«Жыр Жалын» поэзия әлемі
әлеуметтік-педагогикалық жобасының
серіктестері мен байланыс орнататын орталықтары

«Қазақ радиосы», «Шалқар» және Қарағандының жергілікті радиосымен байланыс орнатып, ақын оқушылар мен ұстаздардың радионың поэзияға арналған бағдарламаларына қатысуына жағдай жасау.

Көрсетілген орталықтармен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы руханиятта жүрген жастармен пікірлесіп, ақын оқушылар мен ұстаздардың шығармашылық дамуына ықпал ету.